

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.АУЭЗОВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN RESEARCH UNIVERSITY



**«ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ-24: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ
ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АУЭЗОВСКИЕ ЧТЕНИЯ-24: «КАЗАХСТАН В ЭПОХУ
ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ И ИХ
РЕШЕНИЯ ЧЕРЕЗ ЦИФРОВУЮ ТРАНСФОРМАЦИЮ»**

**PROCEEDINGS
OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE
«AUEZOV READINGS – 24: «KAZAKHSTAN IN THE ERA OF
ARTIFICIAL INTELLIGENCE: CURRENT CHALLENGES AND THEIR
SOLUTIONS THROUGH DIGITAL TRANSFORMATION»**

ТОМ 2-2

Шымкент, 2026 жыл

УДК 004.8
ББК 32.813
Ә82

«ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ-24: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – Шымкент: М. Әуезов ат. ОҚЗУ, 2026 ж. 2-2 Т. 310 б. Тілдері: казак, орыс, ағылшын.

ТРУДЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «АУЭЗОВСКИЕ ЧТЕНИЯ-24: «КАЗАХСТАН В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ И ИХ РЕШЕНИЯ ЧЕРЕЗ ЦИФРОВУЮ ТРАНСФОРМАЦИЮ»- Шымкент: ЮКИУ им. М. Ауэзова, 2026 г. 2-2 Т. 310 с. Языки: казахский, русский, английский.

PROCEEDINGS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE «AUEZOV READINGS – 24: «KAZAKHSTAN IN THE ERA OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE: CURRENT CHALLENGES AND THEIR SOLUTIONS THROUGH DIGITAL TRANSFORMATION» – Shymkent: M. Auezov SKRU, 2026 V. 2-2, 310 p. Languages: kazakh, russian, english.

ISBN 978-601-378-342-0

Редакциялық алқаның төрағасы: - Д.Ж.Ахмед-Заки – т.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор

Редакциялық алқа мүшелері: А.К. Жәнібеков – PhD докторы, профессор Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор; А.И.Боровков – т.ғ.к., доцент, Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің сандық трансформация жөніндегі проректоры; Назми Там Нави – PhD, профессор, Путра Малайзия университеті, Малайзия; Олександр Ивахненко – PhD, профессор, Хериот-Ватт университеті, Ұлыбритания; Изабелла Новак – PhD, профессор, Познандағы Адам Мицкевич университеті, Польша; А.Э.Левданский – т.ғ.д., профессор, Беларусь мемлекеттік технологиялық университетінің «Химиялық өндірістің процесстері мен аппараттары» кафедрасының меңгерушісі; Б.К. Асилбеков - PhD, докторы, Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректордың орынбасары; М.С.Ташмухамедов – х.ғ.д., профессор, Ташкент химия технологиялық институтының «Биотехнология» кафедрасы; М.З.Шарипов – т.ғ.д., профессор Бұхара инженерлік-технологиялық институты; М.Р.Кадирханов – х.ғ.к., доцент, Наманган мемлекеттік педагогикалық институты; М.А. Артыкова – м.ғ.д., профессор, Абу Али ибн Сина атындағы Бұхара мемлекеттік медициналық институты; А.М.Сарсенбі – ф-м.ғ.д., профессор, «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институты «Теориялық және қолданбалы математика» ғылыми орталығының басшысы; Ә.А.Жолдасбеков – п.ғ.д., профессор, «Экономикалық заң және аграрлық мамандықтар үшін дене тәрбиесі» кафедрасы; К.К.Нурашева – э.ғ.д., профессор, «Экономикалық теория» кафедрасы; А.А.Калыбекова – п.ғ.д., профессор, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасы; Р.К.Ниязбекова – э.ғ.д., профессор, «Экономика» кафедрасы; Б.О.Есимов – г-м.ғ.д., профессор, «Силикаттар технологиялары және металлургия» кафедрасы; В.М.Шевко – т.ғ.д., профессор, «Силикаттар технологиялары және металлургия» кафедрасы; М.С. Сатаев – т.ғ.д., профессор, «Бейорганикалық және мұнай химия өндірістерінің технологиясы» кафедрасы; С.П.Назарбекова – х.ғ.д., профессор, «Химия және фармацевтикалық инженерия» кафедрасы; О.К. Бейсенбаев – т.ғ.д., профессор, «Бейорганикалық және мұнай-химия өндірістерінің технологиясы» кафедрасы; К.С.Надиров – х.ғ.д., профессор, «Мұнай-газ ісі» кафедрасы; А.Оспанова – т.ғ.д., профессор, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасы; А.А.Волненко – т.ғ.д., профессор, «Технологиялық машиналар және жабдықтар» кафедрасы; Ж.А.Глеукеев – т.ғ.к., «Техникалық мамандықтарға арналған дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі; С.А.Калкабаева – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Биология және география» кафедрасы; Ұ.Б.Назарбек – Phd докторы, доцент, академиялық ғылым департаментінің директоры; М.К.Серкебаев – т.ғ.к., доцент, ғылыми қызметті үйлестіру бөлімінің басшысы; Г.Л.Усебаева – ғылыми қызметті үйлестіру бөлімінің бас маманы; Г.О.Алданазарова – ғылыми қызметті үйлестіру бөлімінің бас маманы; Ж.С.Салиева – ғылыми ақпаратты талдау орталығының бас маманы.

УДК 004.8
ББК 32.813
Ә82

©М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу университеті, 2026
©Южно-Казахстанский исследовательский университет им.М.Ауэзова, 2026

**БИ ФОЛЬКЛОРЫН ЖІКТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ (ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯСЫ МЫСАЛЫНДА)**

**METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE CLASSIFICATION OF DANCE FOLKLORE
(USING THE EXAMPLE OF KAZAKH FOLK CHOREOGRAPHY)**

**Тлеубаева Б.С., Адиш Ә.С., Естемесова С.С.
Tleubayeva B.S., Adish A.S., Estemesova S.S.**

Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: b.tleubayeva@list.ru

Резюме

Собрать и систематизировать наследие народного танца-непростая задача. Специалисты в этой области работают с огромным материалом, сложившимся с древнейших времен до наших дней. А упорядочивание, группировка этого материала-одна из самых сложных задач. Потому что ученые не могут согласиться на единую классификацию. В то время как группа исследователей говорит, что «должна быть универсальная система для всех», многие придерживаются мнения, что «типы танцев многочисленны, поэтому способ их группировки также должен быть адаптирован к исследуемому материалу». Особого внимания заслуживает казахский танец. Его корни уходят глубоко, и он также перекликается с сегодняшним днем, отражая дыхание современной жизни. Содержание казахского танца-это не голый жест, он наполнен глубокими мыслями и смыслами. Поэтому вполне уместно рассматривать его как в жанровом, так и в тематическом плане. Изучение народного танца - это не просто изучение того, как исполняется танец. Это мощный инструмент, который помогает исследователю достичь поставленной цели. С помощью танца мы можем наблюдать, как развивалось народное творчество, какие изменения оно претерпевало.

Abstract

Gathering and organizing the heritage of folk dance is far from simple. Specialists in this field work with an enormous body of material that has accumulated over centuries—from ancient times right up to the present day. And making sense of all that material, putting it into some kind of order, is enough to give you a headache. The thing is, scholars just can't seem to agree on a single, unified system of classification. One group of researchers insists that there has to be a universal method that works for everything. But the majority take a different view: they argue that because folk dances are so incredibly diverse, the way we classify them should be flexible and shaped by the specific material we're actually studying. This is where Kazakh dance really stands out and demands our attention. Its roots run deep, yet at the same time, it manages to resonate with the present day, capturing the very pulse of modern life. The content of Kazakh dance isn't just about empty movement; it's filled with profound thought and meaning. That's why examining it from a genre and thematic perspective makes perfect sense. Studying folk dance isn't just about observing how a dance is performed. It's a powerful tool that helps a researcher achieve their goals. Through dance, we can trace how folk creativity has evolved and what changes it has undergone over time.

Кілттік сөздер: халық биі, хореография, классификация, фольклор, мәдени мұра, қазақ биі, жанрлық-тақырыптық тәсіл.

Keywords: folk dance, choreography, classification, folklore, cultural heritage, Kazakh dance, genre-thematic approach.

Халық биін зерттеу дегеніміз – ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі аралықта қалыптасқан үлкен мұраны қарастыру. Ал осы мұраны жүйелеу, яғни би түрлерін топтастыру мәселесі әлі күнге дейін ғалымдар арасында даулы күйінде қалып отыр. Бірінғай жіктеу жоқ. Кейбір зерттеушілер

әмбебап жүйе болуы керек десе, көпшілігі материалдың өзі әртекті болғандықтан, оны топтастыру тәсілі де зерттелетін нәрсеге қарай икемделуі керек деген пікірде.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ биі – таптырмас мысал. Оның тамыры көне мәдениеттің терең қабаттарына бойлайды, әрі заман ағымына қарай өзгерін, бүгінгі күнге дейін жаңарып отырады. Қазақ биінің мазмұны көбінесе терең философиялық мәнге ие. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігінің мәнін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл әсіресе билерді жанрлық және тақырыптық жағынан топтастырғанда айқын байқалады.

Бн түрлерін жіктеу олардың құрылысы мен сюжетіндегі ортақ заңдылықтарды анықтауға, дәстүрлі элементтерді бөліп алып, олардың қаншалықты сақталғанын көруге мүмкіндік береді.

Бн дегеніміз – көп қырлы нәрсе. Оның екі үлкен бағытын айырып қарауға болады: классикалық балет және халық биі. Біз үшін халық биі қызығырақ, себебі ол халықтың өз ішінен туып, күнделікті тіршілікпен біте қайнасып жатады. Ол – ұлттың мінезін, қимыл-қозғалыс мәнерін, ырғақ сезімін бойына жинаған айна іспеттес.

Халық биін талдай отырып, біз оны тудырған адамдардың өмірін, қоғамдық қатынасын, дүнге көзқарасын түсіне аламыз. Бнмен бірге жасалатын киімдер, бұйымдар, музыкалық аспаптар – бәрі де материалдық және рухани мәдениетті зерттеуге қажетті құнды деректер. Тіпті, халық биін тарихи дерек ретінде қарастырып, ол арқылы халықтар арасындағы байланыс пен этникалық процестерді де зерттеуге болады.

Қазақстанда тоқсаныншы жылдардан бастап халық мәдениетіне деген ықылас қайта оянды. Сол кезден бастап ойын мәдени құбылыс ретінде қайта қарала бастады. Отандық ғалымдар Таникеев М., Тетенаев Б., Қарабаев У., Сағындықов Е., сондай-ақ жақын шетел зерттеушілері Лазарева Л., Бобылев И., Насриддинов Ф., Қасымов Д. және басқалары ұлттық мәдениетті, соның ішінде халық ойындарын жаңғырту мәселелеріне терең үңіле бастады.

Осы ғалымдардың еңбектерінде ортақ бір идея бар: ойын – театр, бн, салт-дәстүр және спорт секілді көптеген нәрсенің бастауында тұр. Ал ойынның өзінің қайдан пайда болғаны жайлы әлі күнге дейін бірыңғай пікір жоқ. Бұл мәселеде Платон мен Хейзинга сынды ойшылдардың классикалық көзқарастары әлі де өз мәнін жойған жоқ.

Ғалымдар ойынның пайда болу себебтерін әр қырынан қарастырады. Бірі оны ағзаның биологиялық қажеттілігімен байланыстырса, енді бірі артық күшті шашырату немесе баланы қоғамға бейімдеу тәсілі ретінде қарайды. Сондай-ақ ойын арқылы адам өмірде орындалмайтын армандарын іске асырады, күнделікті тіршіліктен демалып, басқа бір әрекетке ауысады деген пікірлер де бар.

Ойынның тарихы өте тереңде, адамзат пайда болғанға дейінгі заманда жатыр. Зерттеушілер оны тек психологиялық құбылыс қана емес, биологиялық-физиологиялық құбылыс деп те қарастырады. Себебі ойын элементтерін жануарлардың өмірінен де көреміз, бұл олардың дамуына әсер етеді.

Ойын – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ол рухани, эмоционалдық және физикалық жағынан адамды жан-жақты дамытатын күрделі жүйе. Ертеде, өмір салты бірсарынды болған заманда, ойын алуан түрліліктің бірден-бір көзі еді. Ол адамға жетіспейтін әсерлерді толықтырып, қиялындағы нәрселерді бастан кешіруге мүмкіндік берді. Ойын барысында қиындықты жеңу, табысқа жету адамды шыңдады.

Әр дәуір өз құндылықтарына сай ойындар тудырды. Бір кезде батылдық пен тапқырлық қажет болса, енді бір кезде тәртіп пен бірлік маңызды болды. Ойындардың мазмұны мен сипатына бастапқыда тапқырлық пен шаруашылық әсер етсе, кейіннен қоғамдық қатынастар мен саяси жағдай да ықпал етті. Ойындардағы қақтығыстар сол кездегі қоғамдағы қайшылықтардың көрінісі іспетті болды.

Ойындар теориясы әлі де толық зерттелген жоқ. Ғылымда ойынның барлық түрін қамтитын бірыңғай жіктеу жоқ. Қолданыстағы жүйелер көбінесе жекелеген салаларға арналған. Мысалы, балалар ойындары, спорттық ойындар немесе ат ойындары жеке-жеке қарастырылады.

Балалар ойындары жайлы әдебиетте оларды бірнеше түрге бөледі. Бұл қимыл-манипуляция ойындары, сюжетті ойындар, қозғалмалы ойындар және үйрету ойындары. Спорт ойындары командалық ойындарға, жекпе-жек түрлеріне және жеке сайыстарға бөлінеді. Ал ат ойындарын И.Ф. Бобылев былайша топтастырады: доп ойындары, шабандоздың күшін көрсететін ойындар, нысанаға найза лақтыру, шабандоздың ептілігіне арналған ойындар, бәйге, гимнастикалық жаттығулар және қару қолданатын ойындар.

Ойындарды басқа да белгілер бойынша бөлуге болады. Мысалы, жас ерекшелігіне қарай олар балаларға, жасөспірімдерге немесе ересектерге арналған болып бөлінеді. Жынысына қарай

ерлер, әйелдер және аралас ойындар деп ажыратуға болады. Сондай-ақ ойындар маусымына қарай көктемгі, жазғы немесе қысқы болып, ал іс-әрекет түріне қарай сөздік, әнді, би немесе театрландырылған ойындар деп жіктеледі. Алайда бұлардың бәрі ойынның тек бір қырын ғана көрсетеді. Спорттық қана емес, шығармашылық ойындарды да қамтитын әмбебап жіктеу әлі де күн тәртібінде тұр.

Біздің зерттеуімізде фольклорлық ойындардың орнын анықтау маңызды. Сондықтан жас ерекшелігіне қарай жасалған жіктеуді негізге алған ыңғайлы. Ол бойынша ойындарды сәбилерге, балаларға, жасөспірімдерге, бозбалалар мен бойжеткендерге, ересектерге және қарттарға арналған деп бөлуге болады.

Балалар ойындары ерекше орын алады. Екі жастан жеті жасқа дейін және жеті жастан он екі жасқа дейінгі аралықта ойын баланың негізгі іс-әрекеті саналады. Бұл – баланың өмір мектебі. Ойын арқылы бала қиын жағдайларға бейімделеді, денесі шынығады, ақыл-ойы дамиды, қиялы ұшталады, зейіні артады. Ойын барысында бала жаңа білім алып, адамдармен араласуға үйренеді, қоғамға бейімделеді. Жас ұлғайған сайын ойын да күрделене түседі.

Орта Азия халықтарында ойын барлық жастағы адамдардың тұрмысында кеңінен орын алған. Қыздар қуыршақ ойнап отбасылық өмірге дайындалса, ұлдар аңшылық пен соғыс ойындарын ойнап, ерлікке баулыды. Жасөспірімдер тас, сүйек, таякпен қозғалмалы ойындар ойнады. Ересектер де ойыннан қол үзбеді, ол олардың сергектігін сақтауға көмектесті. Тіпті кәсіби ойыншылар да болды, олардың өнері көпшілікке арналған тамашаға айналды.

Қазақ даласында көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын көрсететін ойындар мен жарыстар өте көп. Олар күрес, байге, кокпар, қыз қуу, аударыспақ сияқты түрлерімен танымал. Бұлар үлкен мерекелерде өткізіліп, жиналған жұрттың рухын көтерді.

Ойындардың көбі маусымға байланысты болды. Жаздың ұзақ кештерінде балалар Бес тас, Ақ сүйек ойнады. Өзбек қыздары читгирок, чертағ ойындарын сүйін ойнады. Күз бен қыста қыздар халфанаға жиналды. Малшылар қысқы демалыста ат ойындарын ұйымдастырды. Оларға сайыс, жамбы ату, күміс ілу, жорға жарыс, аламан байге жатады. Ұқсас ойындар қырғыз бен өзбек жігіттері арасында да болды.

Қыста қошқар мен ит айкастыру да дәстүрлі ойындардың бірі еді. Коитеген ойындарда ежелгі наным-сенімдердің, атаи айтқанда тотемизмнің ізі сақталған.

Ойындарды қатысушылар санына қарай да бөлуге болады. Олар жеке, жұптық және топтық болып үшке бөлінеді. Бірақ фольклорлық ойындарды зерттеу үшін олардың мәнерлеу құралдарына қарай бөлген дұрысырақ. Фольклорлық ойындар – табиғатынан күрделі, синкретті құбылыс. Онда сөз бен ән, би мен қимыл, театр мен заттар бір-бірімен астасып жатады. Солардың қайсысы басым болса, ойын соған қарай аталады.

Осыған орай, фольклорлық-көркем ойындарды бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншіден, ақыл-ой ойындары деп аталатын түрі бар, олар тез ойлауға, логикаға, қиялға құрылған. Екіншіден, сөз ойындары жаңылтпаш, жұмбақ, өтірік өлең сияқты түрлерді қамтиды, мұнда сөз бірінші орында тұрады. Үшіншіден, ән-хоровод ойындары көншілік болып ән салып, қол ұстасып, шеңбер жасап ойналады. Төртіншіден, би және пантомима ойындары бар, мұнда қимыл-қозғалыс арқылы оқиғаны, сезімді көрсетесің. Бесіншіден, театрландырылған ойындар аңшылық, соғыс, тұтқынға алу секілді көріністерді сахналауға негізделген. Алтыншыдан, қозғалмалы жарыс ойындары доппен, арқанмен, белбеумен күш сынасу, ептілікке жарысу арқылы өтеді.

Біздің зерттеуіміз үшін пантомималық және би ойындары ерекше қызықты. Өйткені солардың бойынан би өнерінің алғашқы бастауларын көруге, олардың фольклормен байланысын анықтауға, бүгінгі би қойылымдарында пайдалануға болады.

Қорыта келгенде, ойынның табиғаты тереңде екенін тағы бір мәрте айтқым келеді. Оның биологиялық және физиологиялық негізі бар, ол ағзадағы артық қуатты шығаруға, өмірлік процестерді қолдауға көмектеседі. Ойын элементтері жануарларда да бар екенін жоғарыда айттық.

Ойын – адамзаттың ең көне әрекетінің бірі. Ол әрқашан адамның рухани, эмоционалдық және физикалық қажетін өтеп келді. Ойын адамды тәрбиелейді, ал адам ойынды дамытты.

Әр заман өз адамын тәрбиелейтін ойындарды дүниеге әкелді. Ойынның мазмұны мен сипатына алдымен табиғат пен шаруашылық, кейіннен қоғамдық қатынастар әсер етті. Ойын адамға күнделікті өмірде жетпейтін әсерлерді беріп, оны басқа бір қызықты әлемге жетеледі.

Ойын адамды күнделікті тіршіліктен бір сәтке болса да алып шығып, өмірді мағыналы оқиғаға толтырады. Ойын барысында адам қиындықты жеңіп, табысқа жетудің қуанышын сезінеді.

Бала үшін ойын – ең басты іс. Ол баланы үлкен өмірге, сол өмірдің қиындықтары мен тартыстарына дайындайды. Баланың дене бітімі де, рухани дүниесі де ойын арқылы жетіледі. Көптеген өнер түрлерінің, соның ішінде би мен театрдың, салт-дәстүрдің, тіпті спорттың бастауында ойын тұрғанын ұмытпаған жөн.

Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан халық ойындары бүгінде тарихи-мәдени құндылық ретінде қайта зерделенуде. Ойын мәдениеті дегеніміз – адамзаттың орасан зор тәжірибесі. Оны әр қырынан қарастыруға болады. Оны жас ерекшелігіне қарай, маусымға қарай, қатысушылар санына қарай, қолданылатын мәнерлеу құралдарына қарай жіктеуге болады. Ойын мәдениетін зерттеу арқылы біз коғам мен мәдениеттің әр алуан қырларын аша аламыз. Ал ойынның салт-жоралық және фольклорлық түрлерін зерттеу ерекше маңызды, өйткені дәл осы формаларда ойынның даму жолы, оның байырғы сипаты айқын көрініп, рухани және дене мәдениетінің тоғысуы анық байқалады.

Әдебиеттер

1. Еремеев А.Ф. Происхождение искусства. - М: Молодая гвардия 1970. - 272 с. (215)
2. Лазарева Л.П. Фольклорно-игровые традиции как основа совершенствования массовой культурпросветработы.: Автореф. дис.канд. -Л., 1985.-25 с.
3. Минг бир уйин. - Тошкент, Мехнат, 1990, - 183 б.
4. Сагындыков Е. Казактын улттык ойындары. - Алматы: Рауан, 1991. 176 б.
5. Казак халкынын салт-дастурлері - Алматы: Рауан, 1994. 223 б.
6. Гафуров Х. Халк уйинлари кушиклари ва анганаларига бир назар. - Тошкент: Камалак, 1992. - 82 б.
7. Насриддинов Ф.Н., Косимов А.Ш. Узбек халк милий уйинлари туплам. -Тошкент: УзДЖТП, 1993. 27 б.
8. Карабаев У.Х. Традиционное народное творчество: проблемы возрождения и развития. - Ташкент: ФАН, 1991. - 107 с. (91)
9. Казахи /Историко-этнографическое исследование/ - Алматы: Казахстан, 1995. - 352 с. (206)
10. Васильев А. Игры сартовских детей // Туркестанские ведомости, 1909, № 109
11. Лоу Б. - Красота спорта. - М.: Радуга, 1984. - 255 с. (236)

ӘОЖ 793.3:37.016

UDC 793.3:37.016

ХАЛЫҚТЫҚ-САХНАЛЫҚ БИ САБАҚТАРЫНДА МУЗЫКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰҒЫРЛАРЫ

SCIENTIFIC AND THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE USE OF MUSIC IN FOLK- STAGE DANCE LESSONS

Тлеубаева Б.С., Бимурзаев Е.

Teubayeva B.S., Bimurzaev E.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

e-mail: b.teubayeva@list.ru

Резюме

Успешное освоение уроков народно-сценического танца обусловлено множеством аспектов. Одним из ключевых среди них является музыкальное сопровождение. Музыка раскрывает содержание танцевальных движений, определяет их ритмический, эмоциональный и художественный характер. Благодаря музыкальному сопровождению происходит систематизация танцевальных движений, что позволяет исполнителю правильно и выразительно исполнять движения. С этой точки зрения музыка рассматривается на уроках народно-сценического танца не как вспомогательный элемент, а как основное средство усвоения учебно-танцевального материала. Актуальность темы данной статьи обусловлена тем, что музыкальное оформление на уроках народно-сценического танца часто используется экспериментально, бессистемно. В большинстве случаев музыкальный материал берется за основу танцевальных движений, а его методические, воспитательные и развивающие возможности в учебном процессе используются не в полной мере. Это, в свою очередь, может

- ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ «ТЕКТІЛІК» ҰҒЫМЫ** 144
ТУРАЛЫ
ABOUT FAMILY VALUES AND THE CONCEPT OF «NOBILITY» IN MODERN KAZAKH
SOCIETY
Темирова У.А., Айтмамбетов Ф.У., Сапарова Н.Б.
Temirova U., Aitmambetov F., Saparova N.
 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
 Ўзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті, Ташкент, Ұзбекистан
 M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
 Uzbekistan state world languages university, Toshkent, Uzbekistan
- АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП** 147
8-СЫҢЫПТА ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ
TEACHING GEOMETRY IN GRADE 8 USING INFORMATION AND COMMUNICATION
TECHNOLOGIES
Тилеубердиева Д. М.
Tileuberdiyeva D.M.
 Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
 M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
- АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, 8-СЫҢЫПТА** 151
ГЕОМЕТРИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
METHODS OF TEACHING GEOMETRY IN GRADE 8 USING INFORMATION
TECHNOLOGIES
Тилеубердиева Д. М.
Tileuberdiyeva D. M.
 Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
 M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
- МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ФОЛЬКЛОР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-** 157
МӘДЕНИ ФАКТОРЛАРЫ
SOCIO-CULTURAL FACTORS OF EDUCATING SCHOOLCHILDREN THROUGH
FOLKLORE
Тлевлиева Г.А., Спатаева Г.А., Елгонова С.Д., Түймелиев Д.Т
Plevlieva G.A., Spataeva G.A., Yelgonova S.D., Tuimeliev D.T
 М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
 M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
- ГРАФИКАДАҒЫ ЖЕКЕ КӨРКЕМ ҚОЛЖАЗБАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** 164
FEATURES OF THE FORMATION OF INDIVIDUAL ARTISTIC HANDWRITING IN
GRAPHICS
Тлеу А., Болысбаев Д.С., Оспанов Т.М.
Tleu A., Bolysbaev D.S., Ospanov T.M.
 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
 M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
- БИ ФОЛЬКЛОРЫН ЖІКТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ (ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ** 167
ХОРЕОГРАФИЯСЫ МЫСАЛЫНДА)
METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE CLASSIFICATION OF DANCE FOLKLORE
(USING THE EXAMPLE OF KAZAKH FOLK CHOREOGRAPHY)
Тлеубаева В.С., Адиш Ә.С., Естемесова С.С.
Tleubayeva B.S., Adish A.S., Estemesova S.S.
 Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
 M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
- ХАЛЫҚТЫҚ-САХНАЛЫҚ БИ САБАҚТАРЫНДА МУЗЫКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ** 170
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰҒЫРЛАРЫ
SCIENTIFIC AND THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE USE OF MUSIC IN FOLK-STAGE
DANCE LESSONS
Тлеубаева Б.С., Бимұрзаев Е.
Tleubayeva B.S., Bimurzaev E.
 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан